

106-ҚҰРАЙШ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Төрт аят.

(Құрайш руы, жазда Шам, қыста Йемен жаққа көшіп жүргенде, ел, әр жерде оларды; "Қағбаның бақташысы" деп сыйлап, қарсы алғандықтан, олар бейбіт жүріп, сауда қылып мейлінше пайдаланады екен. Б.Ж.М.К.Р.Х.Т.) Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.


Құрайштың бейбітшілігі үшін, (1) Олардың қысы-жазы көшу бейбітшілігі, (2) Сондықтан олар осы үйдің (Қағбаның) Раббына құлшылық қылсын. (3) Ол, оларды аштықтан тамақтандырып, хауіп-қатерден аман қылған. (4)

107-МАҒҮН СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жеті аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммед Ғ.С.) сондай дінді өтіріксінгенді көрдің бе? (1) Міне сол жетімді қақпайлағанды, (2) Міскінді тамақтандыруға қызықтырмайды. (3) Сондай намаз оқушыларға нендей өкініш! (4) Олар, намаздарын немқұрайды оқиды. (4-С. 142-А.) (5) Олар, көрсету үшін оқиды. (6) Сондай-ақ олар тұтыну заттарына тыйым салады. (Ыдыс-аяқ, аспап, т.б. сияқты. Ж.М.Р.) (7)



108-КӘУСӘР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Үш аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммед Ғ.С.) шын мәнінде саған Кәусәрді бердік. (Кәусәр: Жаннатта бір көл немесе көптеген игілік, пайғамбарлық, Құран, шапағат т.б.лар. Б.Ж.М.) (1) Сондықтан Раббың үшін айт намазын оқы, құрбан шал. (2) Расында дұшпаныңның өзі ұрпақсыз қалады. (Мұхаммедтің ұлы жоқ, деп кемітеді екен. Ж.М.К.) (3)